

ЕРКІНДІК ФИЛОСОФИЯСЫ

АДАМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРКІНДІГІ

ЕРКІНДІК ФИЛОСОФИЯСЫ

- «Еркіндік»: философиялық ұғымы
- Философия тарихында адам еркіндігі ұғымы
- Еркіндік өнегелі-құқықтық құндылық ретінде
- .Қазақ философиясындағы еркіндік идеясы





ЕРКІНДІК ҰҒЫМЫ

ЕРКІНДІК – БҮЛ ТАНДАУ МУМКІНДІГІ-НІҢ БОЛУЫ,
ОҚИҒАНЫҢ АЯҚТАЛУ НҰСҚАЛАРЫНЫҢ
БОЛУЫ. ТАНДАУДЫҢ ЖОҚТЫҒЫ, ОҚИҒАНЫҢ
АЯҚТАЛУ НҰСҚАЛАРЫНЫҢ ЖОҚТЫҒЫ ЕРКІНДІКТІҢ
ЖОҚТЫҒЫНА ТЕҢ.

ЕРКІНДІК — БҮЛ ӨЗ ӘРЕКЕТИНЕ АНЫҚТАУШЫ СЕБЕП
БОЛАТЫН СУБЪЕКТТІҢ ҚАЛЫПЫ




ЕРКІНДІК ЖӘНЕ ЕРІК БОСТАНДЫҒЫ

Этикада «еркіндік» адамның ерік бостандығының болуымен байланысты. Ерік бостандығы адам мойнына жауапкершілікті салады. Іс-қылыш, ерікті жігермен жасалғанда ғана, адамның ерік бостандығын білдіргендеге ғана өнегелілікке жатады. Бұл мағынада этика адамның еркіндігін және жауапкершілігін өзара байланыста болатынын көздейді.

ЕРІК БОСТАНДЫҒЫ

Ерік бостандығы - бұл қалыптасқан жағдайға тәуелсізтандыруды жасау мүмкіндігі. Жағдай деп мұнда сыртқы хал-ахуалды (зорлық-зомбылық, мәжбүрлеу, марапаттау т.с.с.) және де ішкі күй-жайды (инстинктер, ұнату және ұнатпау, алдын-ала қалыптасқан сенімдер және т. б.) айтады





Фридрих Вильгельм
Шеллинг
(1775-1854), неміс классикалық
философиясының өкілі

ЕРІК БОСТАНДЫҒЫНЫҢ АНТИНОМИЯСЫ

«Адамның ерік
бостандығының
метафизикалық тереңдігі
бар және ол бізді жоғары
қарай да - иғілік пен
ізгілікке және тәмен
қарай да - зұлымдыққа
бағыттай алады»



Негативті еркіндік:
«Мен ешкімге құл емеспін»
Негативті еркіндік сыртқы
шектеулерден және басқа
адамдардың мәжбүрлеуінен
азат болу

ЕРКІНДІКТІҢ НЕГІЗГІ ЕКІ ТИПІ

Позитивті еркіндік: «Мен өз-өзіме қожай-ынмын»
Позитивті еркіндік - бұл адамның потенциалының
(шамасының) жеткілікті болуы және өз
мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін қордың
(ресурстардың) болуы.

Қоғамда азаматтардың мемлекетті басқаруға
қатысу-ында көрініс береді
Либерализмнің басты идеясы ретінде жарияланады





Готфрид Вильгельм Лейбниц
(1646-1716)

ЕРКІНДІК ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕДЕ ЛЕЙБНИЦТІҢ РАЦИОНАЛИЗМІ

Лейбниц:»...адамның еркіндігі үлғаяды, егер ол өзінің істеген әрекеттерінде ақыл-ойға негізделуді көбейтсе. Және керісінше, адамның еркіндігі азаяды, егер ол іс-әрекетінде құмарлықтарға бағынып кетсе.

Лейбниц негативті еркіндікті, яғни мәжбүрлеуден, құлдықтан бостандықты және позитивті еркіндікті ажыратады


Ж.Ж. РУССО АДАМ ЕРКІНДІГІНІҢ ТАРИХТА ДАМУЫТУРАЛЫ

1.«Табиғи еркіндіктің» шегі индивидтің тек қана өз жеке басының қүшіне байланысты

2.«Азаматтық еркіндік» бұл қоғамдық келісім-шартқа сәйкес бір адамның өз бостандықтарының бір бөлігінен бастартуы, өйткені ол қоғамның басқа мүшелеріне қамқорлығын білдіреді

3.«Моральдық еркіндік» - еркіндік дамуын-дағы жоғарғы деңгейі. Осы деңгейде адам «өз-өзіне қожайын» болып шығады, өйткені ол «өз-өзіне жазып қойған зандарды жетекшілікке алады».

Адам еркіндігінің тарихта дамуы табиғи еркіндіктен басталады, азаматтық еркіндікке дейін жетеді, ары қарай моральдық еркіндікке айналады



ЖАН-ЖАК РУССО
(1712-1778)

АНТИКАЛЬІҚ ФИЛОСОФИЯДАҒЫ ЕРКІНДІК ҰФЫМЫ

Ежелгі гректер және римдіктар негізгі назарын алдымен «қажеттілік», «тағдыр», «кездейсоқтық» деген ұфымдарға аударған, еркіндік мәселесімен айналыспаған

Философиялық мағынада алғаш рет «еркіндік» ұфымын софистер қолданған, занғы (Nomos) табиғатқа (Physis) қарама-қарсы қойған кезде

Платон «еркіндік» ұфымын «игілік болмысы» мағынасында ежелгі гректердің полистік өміріндегі бостандық түсінігі шенберінде қолданған


Аристотель және стоиктер де еркіндікті адам іс-әрекеттерінің еркіндігі немесе спонтанды (табан астында туындаған) еркіндік ретінде анықтаған

ЕРІК БОСТАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕДЕ ДЕКАРТТЫҢ РАЦИОНАЛИЗМІ

Декарт: «Ерік бостандығы өз сипатына қарай неғұрлым жоғары деңгейде болғандықтан, оны ешқашан мәжбүрлеу мүмкін емес.

Әрбір адам ерік бостандығы мен іс-әрекет еркіндігіне ие, ол бір уақытта еріктің де субъектісі, және іс-қылыштар еркіндігінің де субъектісі болып шығады

Тек қана анық пайым (рассудок) ерік бостандығының дамуында оның ғулденуіне және жоғарғы деңгейіне жеткізуге қабілетті»



Рене Декарт
(1596-1650)

«Философтардың сұрақтарына жауап»,
«Бақытқа апаратын жол» атты еңбектерінде әл
Фараби ерік және оның бостандығы туралы
ойларын жеткізеді: «...адам жалқы жақсы іс-
қылықтарды ойланбай, еріксіз, кездейсоқты
турде жасауы мүмкін. Бірақ кездейсоқты
жолмен адам бақытқа жете алмайды. Бақытқа
жету үшін адам жақсы іс-қылықтарды өз
еркімен, саналы таңдау арқылы жасауы
керек. Яғни адам жақсылықтың мәнін түсініп-
біліп тұрып, еркін таңдауды жасауы керек.
Сонда еркіндік адамның жауапкершілігінің
бірден-бір негізі болады».

ӘЛ ФАРАБИДІҢ ЕРКІНДІК ФИЛОСОФИЯСЫ




АБАЙДЫҢ ЕРІК БОСТАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫ

«Еріксіз тұскен ылдидан,
Еркіңмен шығар өр артық
Қорлықпен өткен өмірден
Көсіліп жатар көр артық»



ШӘКӘРІМ ЕРКІНІДІК МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ



Шәкәрім өз кезеңінде теңсіздік мәселесін, адамның еркіндік мәселесін қаастырған ойшыл. Шәкәрімнің бүкіл әлем құлдықтың жойылуын аңсаған екендігін мына өлең жолдарынан көруге болады:

«Көзіме елестейді құлдық дәуір,
Адамды «құл» деген сөз маған ауыр». Ойшыл адамды басты құндылық ретінде қарап, басқаның еркіндігін мойындау арқылы адамды адам ретінде бағалау болып табылатынына сенімді болды.



ЕРКІНДІК ӨНЕГЕЛІ- ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТИНДЕ

Құқық негізін еркіндік құрайды. Еркіндікті құқық саласында жүзеге асыру үшін қажетті алғышарт: өзге тұлғаның еркіндігін мойындау. «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декла-рациясы» (1948 ж.) бойынша «Барлық адамдар тумысынан ерікті және абырой мен құқықтары тең» (1-ші бап). Құқық саласында еркіндік жалпы азаматтық бостандықтар жүйесі түрінде көрініс береді.

САЯСИ ЕРКІНДІК

**бұл адамның және әлеуметтік
бірліктердің шынайы, жаттанбайтын
қасиеті, ол адамның саяси жүйемен
өзара әрекеттесуіне мәжбүрлеу немесе
күш көрсету арқылы қолсұғудың
жоқтығын білдіреді**

Еркіндіктің екі аспектісін ажыратады:

- 1) негативті — мемлекет тарапынан адамға қысым жасаудан және мәжбүрлеуден бостандық;
- 2) позитивті — еркіндікті берудің мақсаты (не үшін?): индивидтің, әлеуметтік топтар-дың мемлекетпен өзара қатынастарында тұлғаның потенциалына жол ашу





АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ

«Халық өз тағдырын өзі жасайды. Жүрттың тірлік күйде, я өлімтік күйде өмір шегуі өзінің жігерінен болады» - дейді.



ҚОРЫТЫНДЫ

Философия жеке бақытқа жету, өзін-өзі жүзеге асыру және тұлғалық даму үшін жеке бас бостандығының маңыздылығын атап көрсетеді. Екінші жағынан, ол қоғамдағы тәртіп пен келісімді сақтау үшін қажетті жеке бас бостандығы мен әлеуметтік шектеулер арасындағы тепе-тендікті табу қажеттілігін көрсетеді.

Бостандық абсолютті емес екенін түсіну маңызды. Ол әрқашан мәдениеттің, тарихтың, әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың және жеке жағдайлардың контекстімен шектеледі. Бостандық адамның өз мүмкіндіктері мен шектерін білуді, сондай-ақ қоғамдағы және жалпы әлемдегі рөлін түсінуді талап етеді.